



БҰЙРЫҚ

01.09.2023

Теміртау қаласы

ПРИКАЗ

№ 307 Н/В

город Теміртау

Психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары мен мамандар құрамын бекіту

ҚР оқу –ағарту министрлігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы негізінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы(46-25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Психологиялық қызметтің мамандар құрамы құрылсын:

- 1.М.Асадова –директордың тәрбие жөніндегі орынбасары ;
- 2.Р.Тоймурзаева- директордың тәрбие жөніндегі орынбасары ;
- 3.М.Мағұлум -әлеуметтік педагог
- 4.А.Айтпаева - педагог-психолог
5. Г.Тлеубалденова- медбике
6. Пән мұғалімдері / Қосымша №1/
7. Сынып жетекшілері / Қосымша №1/
- 8.А.Бекрикбаева -логопед-дефектолог
- 9.С.Галамхан-педагог-ассистент

II.Психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының (46-25) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс істеу тәртібі айқындалсын;

III.Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың , педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық сауаттылығы сақтауға және нығайтуға бағытталсын;

IV.Психологиялық қызметтің жылдық жоспары орта білім беру ұйымдарының типімен, түрімен және міндеттерімен бекітілсін;

1)Бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдермен педагогтерден (бұдан әрі-білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер талдау арқылы білім алушылардың оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтары анықталсын;

2)Білім алушылармен жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілсін;

3)Білім алушылар және педагогтермен, ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда,

001717

- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастырылып өткізілсін;
- 4.Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педогогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылы жүзеге асырылсын;
- 5.Кәсіптік әдеп сақталынсын;
- 6.Баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсетілсін;
- 7.Педагог-психологтың өз қызметі диагностикалық , консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырылсын;
- 8.Педагог-психолог ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, консультация беру және түзету бойынша білім алушының психологиялық саулығын қалпына келтіру үшін қажетті психологиялық көмек көрсету және жүргізу кестесі мен форматы жазбаша келісілсін;
- 9.Психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары сапалы әрі уақытында жүзеге асырылуындағы жауапкершілік директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары мен педагог-психолог А.Айтпаеваға жүктелсін;
10. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 25 тамыздағы №377-ші бұйрығы.

Директор



К.Нурғалиева